

Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы әкімдігінің 2026 жылғы 5 маусымдағы № 212 қаулысы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 17 - бабының 1-1) тармақшасына, 69 - бабының 4 - тармағына және 71-1 бабының 2 - тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 31- бабына сәйкес, Мұғалжар ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Mineral Investment Group" жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен пайдалы қазбаларды барлау үшін, Мұғалжар ауданы Құмсай ауылдық округі аумағында орналасқан жалпы алаңы 4250 гектар жер учаскесіне жер пайдаланушылардан алып қоймай, 2031 жылдың 23 қаңтарына дейінгі мерзімге қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Мұғалжар ауданы бойынша жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны ресми жариялауға жіберуді;

2) осы қаулыны оны ресми жариялағаннан кейін Мұғалжар ауданы әкімдігінің интернет – ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Мұғалжар ауданы әкімінің осы салаға жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Мұғалжар ауданының әкімі

Д. Ермағанбетов